

«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Медициналық және  
фармацевтикалық бақылау  
комитеті» РММ төрағасының  
2024 ж. « 16 » 01  
№N070679 бұйрығымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)**

**Саудалық атауы**

Оксолин жақпамайы

**Халықаралық патенттелмеген атауы**

Жоқ

**Дәрілік түрі, дозалануы**

Мұрынға арналған жақпамай 2,5 мг/г, 10 г

**Фармакотерапиялық тобы**

Дерматология. Дерматологияда қолдануға арналған антибиотиктер және химиотерапиялық препараттар. Жергілікті қолдануға арналған химиотерапиялық препараттар. Вирусқа қарсы препараттар.

АТХ коды D06BB

**Қолданылуы**

- тұмаудың профилактикасы үшін
- вирусты ринитті емдеу үшін

**Қолданудың басталуына дейін қажетті мәліметтер тізбесі**

***Қолдануға болмайтын жағдайлар***

- әсер етуші затқа (заттарға) немесе қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық

***Қолдану кезіндегі қажетті сақтандыру шаралары***

Анықталмаған.

***Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі***

Анықталмаған.

***Арнайы сақтандырулар***

***Педиатрияда қолдану***

Екі жасқа дейінгі балаларға сақтықпен қолдану керек

*Жүктілік немесе лактация кезінде*

Препаратты жүктілік және лактация кезеңінде қолдану ана үшін болжамды пайдасы шарана үшін әлеуетті қауіпінен жоғары болғанда ғана қолдануға болады.

*Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Препарат көлік құралдарын және басқа механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

## **Қолдану жөніндегі нұсқаулар**

### ***Дозалау режимі***

*Тұмаудың профилактикасы үшін:* күнделікті мұрынның шырышты қабығына тұмаудың эпидемиялық өршуі жоғарылағанда және ең жоғары даму кезеңінде (25 күн бойы) немесе тұмауы бар науқаспен жанасқанда күніне 2-3 рет жағады.

*Вирусты ринитті емдеу:* жақпамайды мұрынның шырышты қабығына 3-4 күн бойы күніне 2-3 рет жағады.

### ***Енгізу әдісі және жолы***

Мұрын ішіне.

***Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар***

Мәліметтер жоқ.

***Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну бойынша ұсынымдар***

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкерінің кеңесіне жүгіну ұсынылады.

**ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар**

*Сирек:*

- шырышты қабықтың көк түске боялуы

*Белгісіз:*

- мұрынның шырышты қабығының жылдам өтетін ашытып күйдіру сезімі, ринорея

**Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе, дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға болатын жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

**Қосымша мәліметтер**

### ***Дәрілік препарат құрамы***

1 г препараттың құрамында

белсенді зат - оксолин 2,5 мг

қосымша заттар: вазелин майы (минералды), ақ жұмсақ парафин

### ***Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы***

Ақтан ақшыл сары түске дейінгі біртекті жақпамай. Сақтаған кезде қызғылт реңді болуына жол беріледі.

### ***Шығарылу түрі және қаптамасы***

10 г препараттан алюминий сықпада. 1 сықпадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

### ***Сақтау мерзімі***

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### ***Сақтау шарттары***

2 °С-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### ***Дәріханалардан босатылу шарттары***

Рецептсіз

### ***Өндіруші туралы мәліметтер***

«Тернофарм» ЖШҚ

Украина, Тернополь қ-сы, Фабричная к-сі, 4;

тел.: +38 (0352) 521-444, [ternopharm@ternopharm.com.ua](mailto:ternopharm@ternopharm.com.ua)

### ***Тіркеу куәлігінің ұстаушысы***

«Тернофарм» ЖШҚ

Украина, Тернополь қ-сы, Фабричная к-сі, 4;

тел.: +38 (0352) 521-444, [ternopharm@ternopharm.com.ua](mailto:ternopharm@ternopharm.com.ua)

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттар сапасына қатысты шағымдар (ұсыныстар) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)**

Алимбаева Жанна Нуртаевна ЖК

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ.,

Коктем-3 ы.а, 12 үй, 50 пәтер.

Тел.: +7 701 645 9012

e-mail: [ternopharm@ternopharm.com.ua](mailto:ternopharm@ternopharm.com.ua)